

Мазут экспортына уақытша тыйым салуды енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 952 қаулысы

Ел экономикасының мұқтаждары үшін мазуттың жеткілікті қорын жасау қажеттігіне байланысты және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі Кеден кодексінің 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2005 жылғы 1 наурызға дейін мазутты (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН 2710 19 610 0 - 2710 19 690 0) Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге тыйым салынсын.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі осы қаулының 1-тармағын орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы қаулының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының мазутты әкетуге тыйым салуды енгізгендігі туралы белгіленген тәртіппен Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетін хабардар етсін.

4. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі